7.5	Подрядчик обязан соблюдать требования законодательства Республики Казахстан в области охраны труда и техники безопасности, а также инструкции Заказчика по охране труда, технике безопасности и охране окружающей среды. В случае наличия расхождений между требованиями данных документов следует руководствоваться наиболее строгими.	Мердігер еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ Тапсырыс берушінің еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау бойынша нұсқаулықтарын сақтауға тиіс. Осы құжаттардың талаптарының арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, ең қатаң ережелер басшылыққа алынады.	Contractor shall comply with the requirements of the legislation of the Republic of Kazakhstan in the field of occupational health and safety as well as the instructions of the Customer on health, safety and environmental protection. In case of discrepancies between the requirements of these documents, one should follow the most restrictive.

8 ПИТАНИЕ И ПРОЖИВАНИЕ / ТҰРУ ЖӘНЕ ТАМАҚТАНУ / FOOD AND ACCOMMODATION

8.1	Заказчик может предоставлять Подрядчику питание и проживание в комнате в вахтовом городке Заказчика для уполномоченных представителей Подрядчика, привлекаемых для выполнения Работ по настоящему Договору, на период выполнения Работ. При этом в случае предоставления услуг питания и проживания Заказчик выставляет Подрядчику такие расходы.	Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстарды орындау кезеңіне Жұмыстарды орындауға тартылатын Мердігердің уәкілетті өкілдері үшін Тапсырыс берушінің вахталық қалашығындағы бөлмеде тұру мен тамақтануды ұсына алады. Бұл ретте тамақтану мен тұру қызметтері ұсынылған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мұндай шығыстар бойынша шот ұсынады.	The Customer may provide to the Contractor food and accommodation in the Customer's rotation camp for the authorized representatives of the Contractor engaged in the performance of the Works under this Agreement for the period of the Works performance. At that, in case of the provision of food and accommodation, the Customer shall charge the Contractor with these expenses.
-----	---	--	---

8.2	Сумма проживания и питания работников Подрядчика указана в Статье 7 Части С и является прочими расходами по мобилизации Подрядчика. Данная сумма удерживается Заказчиком из первого платежа, подлежащего оплате Подрядчику, в качестве компенсации расходов Заказчика, указанных в пункте 8.1.	Мердігердің жұмыскерлері үшін тұру және тамақтану сомасы 7-баптың С бөлімінде көрсетілген және Мердігердің жұмылдыру бойынша өзге шығындар болып табылады. Бұл соманы Тапсырыс беруші 8.1-тармақта көрсетілген Тапсырыс берушінің шығындарын өтеу ретінде Мердігерге төленуі тиіс бірінші төлемнен ұстайды.	The amount for the accommodation and food for the Contractor's employees is specified in Article 7 of Part C and is considered to be other expenses on mobilization of the Contractor. This amount shall be withheld by the Customer from the first payment to be made to the Contractor as a compensation for the Customer's expenses specified in clause 8.1.
8.3	Электронные счет-фактуры/инвойсы (если Подрядчиком по Договору является нерезидент Республики Казахстан) за предоставление питания и проживания будут выставляться Заказчиком равными долями в течение 15 (пятнадцати) календарных дней после истечения месяца, в котором предоставлялись услуги по питанию и проживанию. Сумма, указанная в пункте 8.2, является невозвратной, и в случае досрочного расторжения (прекращения) договора, Заказчик выставляет ЭСФ на остаток неиспользованной суммы.	Электронды шот-фактуралар/инвойстар (егер Шарт бойынша Мердігер Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса) Тапсырыс беруші тамақтану мен тұратын жайды ұсынғаны үшін шот-фактураларды тамақтану мен тұру бойынша қызметтер көрсетілген ай өткеннен кейін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде тең үлестермен ұсынатын болады. 8.2-тармағында көрсетілген сома қайтарылмайтын болып табылады және шартты мерзімінен бұрын бұзған (тоқтатқан) жағдайда Тапсырыс беруші пайдаланылмаған соманың қалдығына ЭШФ ұсынады.	Electronic invoices (if the Contractor under the Agreement is a non-resident of the Republic of Kazakhstan) for the provision of food and accommodation will be issued by the Customer in equal parts within 15 (fifteen) calendar days after the month during which food and accommodation were provided. The amount specified in clause 8.2 is non-refundable, and in case of an early Agreement termination, the Customer shall issue an electronic invoice for the unused balance.
8.4	В случае продления Даты Завершения Работ, сумма проживания и питания работников Подрядчика, указанная в Статье 7 Части С Договора, пересматривается Подрядчиком исходя из стандартной ставки, указанной в Статье 7 Части С, и такая разница между первоначальной суммой и пересмотренной суммой удерживается Заказчиком с первой предстоящей оплаты Подрядчику.	Жұмыстарды аяқтау күні ұзартылған жағдайда Мердігер жұмыскерлерінің Шарттың С бөлімінің 7-бабында көрсетілген тұру және тамақтану сомасын Мердігер С бөлімінің 7-бабында көрсетілген стандартты мөлшерлеме негізінде қайта қарайды және бастапқы сома мен қайта қаралған сома арасындағы мұндай айырманы Тапсырыс беруші Мердігерге төлейтін алдағы алғашқы төлемнен бастап ұстайды.	In case of delaying the Completion Date, the amount for the accommodation and food for the Contractor's employees specified in Article 7 of Part C of the Agreement shall be revised by the Contractor based on the standard rate specified in Article 7 of Part C, and such difference between the original amount and the revised amount shall be deducted by the Customer from the first planned payment to the Contractor.
8.5	В случае отсутствия сумм, подлежащих оплате Подрядчику, или невозможности такого удержания по иным причинам, Подрядчик оплачивает счета Заказчика путем перечисления денег на расчетный счет Заказчика в течение 5 (пяти) календарных дней со дня выставления счета на оплату (инвойса, если Подрядчиком по Договору является нерезидент Республики Казахстан).	Мердігерге төлеуге жататын сома болмаған немесе өзге де себептер бойынша мұндай ұстап қалу мүмкін болмаған жағдайда, Мердігер төлем шотын (егер Шарт бойынша Мердігер Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, инвойсты) ұсынған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушінің есеп айыру шотына ақша аудару арқылы Тапсырыс берушінің шоттарын төлейді.	In the case of no amounts payable to the Contractor, or the impossibility of such deduction for other reasons, the Contractor shall pay the amounts charged by the Customer by transferring money to the Customer's settlement account within 5 (five) calendar days from the date of issuing the invoice for payment (invoice, if the Contractor under the Agreement is a non-resident of the Republic of Kazakhstan).

9 СТРАХОВАНИЕ / САҚТАНДЫРУ / INSURANCE

9.1	Не ограничивая какие-либо из своих обязательств по настоящему Договору, Подрядчик обеспечивает и поддерживает следующие виды страхования и предоставляет доказательства их наличия по первому требованию Заказчика (письменному или устному):	Осы Шарт бойынша өзінің қандай да бір міндеттемелеріне шектеу қоймастан, Мердігер сақтандырудың келесі түрлерін қамтамасыз етеді және қолдайды, сонымен қатар Тапсырыс берушінің алғашқы талабы (ауызша немесе жазбаша) бойынша олардың бар болуын растайтын дәлелдерді ұсынады:	Without limiting any of its obligations hereunder, the Contractor provides and maintains the following types of insurance and provides evidence of their presence at the first request of the Customer (written or oral):
a)	Страхование работника от несчастных случаев на производстве.	Қызметкерді өндірістегі жазатайым оқиғалардан сақтандыру.	Insurance of employee from accidents in the workplace.
b)	Обязательное страхование гражданско-правовой ответственности владельцев автомобильного транспорта, используемого для исполнения настоящего Договора.	Осы Шартты орындауға пайдаланылатын автокөлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті түрде сақтандыру.	Compulsory insurance of civil liability of owners of motor transport used for the execution of this Agreement.
c)	Любые другие виды страхования, которые являются обязательными в соответствии с законодательством Республики Казахстан.	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті болып табылатын сақтандырудың кез келген басқа түрлері.	Any other types of insurance that are mandatory in accordance with the legislation of the Republic of Kazakhstan.

9.2	Независимо от иных положений настоящего Договора, при отсутствии либо не предоставлении документов, подтверждающих вышеперечисленные виды страхования Подрядчиком, Заказчик имеет право расторгнуть настоящий Договор в одностороннем порядке в любое время в течение срока действия настоящего Договора. Независимо от иных положений настоящего Договора, в этом случае Подрядчик незамедлительно прекращает выполнение Работ по указанию Заказчика, и Подрядчик имеет право на компенсацию за фактически выполненными и документально подтвержденными Работами. Во всех случаях для осуществления Заказчиком компенсации необходима соответствующая подтверждающая документация о расходах Подрядчика, удовлетворяющая Заказчика.	Осы Шарттың басқа да ережелеріне қарамастан, егер де Мердігер жоғарыда көрсетілген сақтандырудың түрлерін растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда немесе олар болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіпте кез келген уақытта осы Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде бұзуға құқылы. Осы Шарттың басқа да ережелеріне қарамастан, мұндай жағдайда Мердігер Тапсырыс берушінің нұсқауымен Жұмыстарды орындауды дереу тоқтатады, және Мердігер нақты орындалған және құжаттармен расталған Жұмыстар үшін өтемақы алуға құқылы. Барлық жағдайларда өтемақы алу үшін Тапсырыс берушіні қанағаттандыратын, Мердігердің шығындарын растайтын тиісті құжаттар қажет.	Regardless of the other provisions of this Agreement, in the absence or non-provision of the documents confirming the above-mentioned types of insurance by the Contractor, the Customer has the right to terminate this Agreement unilaterally at any time during the term of this Agreement. Regardless of the other provisions of this Agreement, in this case, the Contractor shall immediately stop the performance of Work upon the Customer's request, and the Contractor is entitled to compensation for the actually performed and documented works. In all cases, relevant supporting documents on expenses of the Contractor are required in order to make payment of compensation by the Customer.
-----	--	--	--

10 ПРОИЗВОДСТВО И ПРИЕМКА РАБОТ ПО ДОГОВОРУ / ШАРТ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ / AGREEMENT WORKS PERFORMANCE AND ACCEPTANCE

10.1	Устранение обнаруженных дефектов, несоответствий.	Анықталған ақаулықтарды, сәйкессіздіктерді жою.	Elimination of detected defects, inconsistencies.
a)	Заказчик имеет право отказаться от любых Дефектных Работ. Любая проверка качества со стороны Заказчика или неспособность Заказчика отказаться от некачественно выполненной Работ после какой-либо проверки качества не считается согласованием Заказчиком таких Работ и не освобождает Подрядчика от ответственности за соответствующее выполнение Работ. Подрядчик обязан предоставлять безопасные и соответствующие средства в достаточном количестве для проведения таких проверок качества Работ, а также предоставлять Заказчику все данные и отчеты, запрашиваемые Заказчиком, в формате и в степени детализации, определенные Заказчиком, касающиеся качества Работ, а также предоставлять Заказчику свободный доступ в любое разумное время к объектам Подрядчика, где выполняются Работы по настоящему Договору.	Тапсырыс беруші кез келген Ақаулы жұмыстардан бас тартуға құқылы. Тапсырыс беруші тарапынан кез келген сапаны тексеру немесе қандай да бір сапаны тексергеннен кейін Тапсырыс берушінің сапасыз орындалған жұмыстардан бас тарта алмауы Тапсырыс берушінің мұндай жұмыстарды келісімге алғаны болып саналмайды және Мердігерді жұмыстарды тиісінше орындау үшін жауапкершіліктен босатпайды. Мердігер жұмыс сапасына осындай тексерулер жүргізу үшін жеткілікті мөлшерде қауіпсіз және тиісті құралдарды ұсынуға, сондай-ақ Тапсырыс берушіге Тапсырыс беруші сұратқан барлық деректер мен есептерді Тапсырыс беруші айқындаған жұмыс сапасына қатысты форматта және егжей-тегжейлі дәрежеде беруге, сондай-ақ Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша жұмыстар орындалатын Мердігер объектілеріне кез келген ыңғайлы уақытта еркін қол жеткізуге мүмкіндік беруге міндетті.	The Customer has the right to reject any Defective Works. Any quality control by the Customer, or inability of the Customer to reject poor-quality Works after any quality control, shall not be deemed the approval by the Customer of such Works, and shall not release the Contractor from liability for the proper performance of the Works. The Contractor shall provide sufficient, safe and appropriate means to carry out such quality control of the Works, and provide to the Customer all data and reports requested by the Customer, in the format and with the level of detail specified by the Customer, relating to the quality of the Works, and shall provide to the Customer free access at any reasonable time to the Contractor's facilities, where the Works under this Agreement are being performed.
b)	Когда, по мнению Подрядчика, Работы по Договору выполнены в полном объеме, Подрядчик обязан письменно уведомить об этом Заказчика.	Мердігердің пікірі бойынша Шарт бойынша Жұмыстар толық көлемде орындалған жағдайда Мердігер бұл туралы Тапсырыс берушіге жазбаша түрде хабарлауға міндетті.	When, in the opinion of the Contractor, the Works under the Agreement are fully performed, the Contractor shall notify the Customer about this in writing.
c)	Заказчик, в течение 14 (четырнадцати) дней после получения вышеуказанного Уведомления от Подрядчика, либо подтверждает, что данные Работы достигли стадии завершения Работ, либо отклоняет Работы, являющиеся Дефектными, посредством направления соответствующего Уведомления Подрядчику. Подрядчик вправе направить своего специалиста для выявления и определения Дефектных работ совместно со специалистами Заказчика.	Тапсырыс беруші Мердігерден жоғарыда көрсетілген хабарламаны алғаннан кейін 14 (он төрт) күн ішінде не осы Жұмыстардың Жұмыстарды аяқтау сатысына жеткенін растайды немесе Мердігерге тиісті хабарлама жіберу арқылы ақаулы болып табылатын жұмыстарды қабылдамайды. Мердігер Тапсырыс беруші мамандарымен бірге ақаулы жұмыстарды анықтау әрі айқындау үшін өз маманын жіберуге құқылы.	The Customer shall, within 14 (fourteen) days after receiving the abovementioned Notification from the Contractor, either confirm that these Works are at the stage of the Works completion, or reject the Works being Defective by sending a corresponding Notification to the Contractor. The Contractor has the right to send its specialist to detect and identify the Defective Works together with the Customer's specialists.

d)	В случае отказа от подтверждения того, что Работы достигли стадии завершения Работ, в Уведомлении Заказчика должны быть указаны причины отказа, сроки завершения незавершенных Работ или сроки для устранения Дефектных Работ. Подрядчик обязан завершить или устранить/переделать Дефектные Работы в срок, указанный в Уведомлении Заказчика. После завершения вышеуказанных действий Подрядчик обязан заново направить Заказчику Уведомление о завершении Работ.	Жұмыстың аяқталу сатысына жеткенін растаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс берушінің хабарламасында бас тарту себептері, аяқталмаған Жұмыстарды аяқтау мерзімдері немесе Ақаулы жұмыстарды жою мерзімдері көрсетілуі тиіс. Мердігер ақаулы жұмыстарды Жұмыс берушінің хабарламасында көрсетілген мерзімде аяқтауға немесе жоюға/қайта орындауға міндетті. Жоғарыда көрсетілген әрекеттерді орындағаннан кейін Мердігер Жұмыс берушіге Жұмыстардың аяқталғаны туралы хабарламаны қайта жіберуге міндетті.	In case of refusal to confirm that the Works are at the stage of the Works completion, the Customer's Notification shall specify the reasons for the refusal and set the deadlines for completing the incomplete Works or the deadlines for eliminating the Defective Works. The Contractor shall complete or eliminate/redo the Defective Works within the period specified in the Customer's Notification. After the completion of the above actions, the Contractor shall send the Work Completion Notification to the Customer.
e)	Действия, указанные в пунктах 10.1 b) – 10.1 c) в отношении Дефектных Работ должны продолжаться до тех пор, пока Заказчик не примет Работы, в качестве полностью выполненных Подрядчиком в соответствии с условиями Договора.	10.1 b) – 10.1 c)-тармақтарда көрсетілген Ақаулы жұмыстарға қатысты әрекеттер Тапсырыс беруші Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес Мердігер толық орындаған жұмыс ретінде қабылдағанға дейін жалғасуы тиіс.	Actions specified in clauses 10.1 b) – 10.1 c) in respect of the Defective Works shall continue until the Customer accepts the Works as fully completed by the Contractor in accordance with the terms and conditions of the Agreement.
f)	В случае если Подрядчик в согласованный с Заказчиком срок не устранил Дефектные Работы, Заказчик имеет право привлечь других лиц, которые за соответствующую оплату переделают выполненные Подрядчиком Работы. Все расходы, связанные с такой переделкой/устранением дефектов другими лицами, должны быть оплачены Подрядчиком по сметам Заказчика и в сроки, указанные Заказчиком. Заказчик вправе также по своему усмотрению удержать стоимость расходов, связанные с переделкой/устранением Дефектных Работ из стоимости Работ подлежащих оплате по настоящему Договору (или по любым иным договорам, заключенным с Подрядчиком).	Егер Мердігер Тапсырыс берушімен келісілген мерзімде Ақаулы жұмыстарды жоймаса, Тапсырыс беруші Мердігер орындаған жұмыстарды тиісті төлемге қайта жасап беретін басқа тұлғаларды жұмысқа тартуға құқылы. Басқа тұлғалардың ақауларды өзгертуіне/жоюына байланысты барлық шығындарды Мердігер Жұмыс берушінің шоттарына және Жұмыс беруші белгілеген мерзімде төлейді. Тапсырыс беруші сондай-ақ өз қалауы бойынша осы Шарт бойынша (немесе Мердігермен жасалған кез келген басқа шарттар бойынша) төленуі тиіс Жұмыстардың құнынан Ақаулы жұмыстарды қайта жасауға/жоюға байланысты шығындар құнын ұстап қалуға құқылы.	If the Contractor does not eliminate the Defective Works within the period agreed on with the Customer, the Customer has the right to engage other persons who will re-perform the Works performed originally by the Contractor for a respective payment. All expenses associated with such re-performance/elimination of the defects by other persons shall be paid by the Contractor in accordance with the Customer's invoices and within the time specified by the Customer. The Customer is entitled, at its own discretion, to withhold the amounts of expenses associated with the re-performance/elimination of the defects from the cost of the Works payable under this Agreement (or any other contracts concluded with the Contractor).
10.2	Порядок оформления окончания и сдачи-приемки Работ по Договору.	Шарт бойынша Жұмыстардың аяқталуын және тапсыру-қабылдауды рәсімдеу тәртібі.	Procedure for Formalizing the Completion and Delivery/Acceptance of the Works under the Agreement.
a)	Приемка Работ осуществляется после выполнения Подрядчиком всех обязательств, предусмотренных в настоящем Договоре, путем подписания уполномоченными представителями Сторон Акта выполненных Работ (форма Р-1) или документов, указанных в пункте 4.1(27) настоящего Договора (если Подрядчик выполняет строительно-монтажные работы).	Жұмыстарды қабылдау Мердігер осы Шартта көзделген барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін Тараптардың уәкілетті өкілдері орындалған жұмыстар актісіне (Р-1 үлгісі) немесе осы Шарттың 4.1(27)-тармағында көрсетілген құжаттарға (егер Мердігер құрылыс-монтаж жұмыстарын орындаса) қол қою арқылы жүзеге асырылады.	The Works after the fulfillment by the Contractor of all obligations stipulated in this Contract shall accepted by signing the Works Completion Certificate (R-1 Form) or the documents specified in clause 4.1(27) of this Agreement (if the Contractor performs construction and installation works) by authorized representatives of the Parties.
b)	Стороны в течение 5 (пяти) календарных дней после завершения Работ по настоящему Договору обязаны подписать акт взаиморасчетов, либо предоставить друг другу в письменном виде мотивированный отказ от подписания такого акта.	Тараптар осы Шарт бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде өзара есеп айырысу актісіне қол қоюға не бір-біріне осындай актіге қол қоядан дәлелді бас тартуды жазбаша түрде жіберуге міндетті.	The Parties shall, within 5 (five) calendar days of the completion of the Works under the Agreement, sign a Reconciliation Report or provide to each other a written justified refusal to sign such report.

c)	Заказчик, обнаруживший после приемки Работ отступления в Работы от настоящего Договора или иные недостатки, которые не могли быть установлены при обычном способе приемки (скрытые недостатки), в том числе такие, которые были умышленно скрыты Подрядчиком, обязан известить об этом Подрядчика в течение 10 (десяти) календарных дней со дня обнаружения таких недостатков. Предельный срок для извещения Подрядчика об обнаруженных Заказчиком скрытых недостатках составляет 1 (один) год со дня приемки Работ Заказчиком, а в отношении Работ (независимо от вида Работ) – в отношении недостатков, которые были умышленно скрыты Подрядчиком 3 (три) года со дня приемки Работ Заказчиком. При любом обращении Заказчика в связи с вышеуказанными обнаружениями недостатков Подрядчик в безакцептном порядке принимает на себя обязательство в срок, указанный Заказчиком и за свой счет устранить все выявленные и/или скрытые от Заказчика недостатки. Подрядчик вправе направить своего специалиста для выявления и определения Дефектных работ совместно со специалистами Заказчика.	Жұмыстарды қабылдағаннан кейін осы Шарттан жұмыстардағы ауытқуларды немесе қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде белгіленбеген өзге де кемшіліктерді (жасырын кемшіліктерді), оның ішінде Мердігер қасақана жасырған кемшіліктерді тапқан Тапсырыс беруші мұндай кемшіліктер анықталған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде бұл туралы Мердігерге хабарлауға міндетті. Мердігерге Тапсырыс беруші анықтаған жасырын кемшіліктер туралы хабарлаудың шекті мерзімі Тапсырыс беруші жұмыстарды қабылдаған күннен бастап 1 (бір) жылды, ал Жұмыстарға (жұмыс түріне қарамастан) қатысты – Мердігер әдейі жасырған кемшіліктерге қатысты Тапсырыс беруші жұмыстарды қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жылды құрайды. Жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді анықтауға байланысты Тапсырыс берушінің кез келген өтініші кезінде Мердігер акцептсіз тәртіппен Тапсырыс беруші көрсеткен мерзімде өзіне міндеттеме қабылдайды және Тапсырыс берушіден анықталған және/немесе жасырылған барлық кемшіліктерді өз есебінен жоюға міндеттеме алады. Мердігер Тапсырыс беруші мамандарымен бірге ақаулы жұмыстарды анықтау әрі айқындау үшін өз маманын жіберуге құқылы.	The Customer, at discovering after the Works acceptance, deviations in the Works from this Agreement or other defects that could not be detected during the usual method of acceptance (hidden defects), including those that were deliberately concealed by the Contractor, shall notify the Contractor about this within 10 (ten) calendar days from the date of detecting such defects. The deadline for the Customer to notify the Contractor about the discovered hidden defects is 1 (one) year from the date of the Works acceptance by the Customer, and in respect of the Works (regardless of the type of the Works) – in respect of the defects, which were intentionally concealed by the Contractor, it shall be 3 (three) years from the date the Works acceptance by the Customer. In case of any communication from the Customer in connection with the above discovery of the defects, the Contractor shall, without acceptance, assume the obligation to eliminate all discovered and/or concealed from the Customer defects within the period specified by the Customer and at its own, Contractor's, expense. The Contractor has the right to send its specialist to detect and identify the Defective Works together with the Customer's specialists.
d)	При возникновении между Заказчиком и Подрядчиком спора по поводу недостатков выполненных Подрядчиком Работ или их причин по требованию любой из Сторон должна быть назначена соответствующая экспертиза. Расходы по проведению такой экспертизы несет Подрядчик, за исключением случаев, когда экспертизой установлено отсутствие нарушений настоящего Договора или причинной связи между действиями Подрядчика и обнаруженными недостатками. В этих случаях расходы по экспертизе несет Сторона, потребовавшая ее назначения, а если экспертиза назначена по соглашению между Сторонами – обе Стороны оплачивают такую экспертизу поровну.	Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында Мердігер орындаған жұмыстардың кемшіліктері немесе олардың себептері туралы дау туындаған кезде Тараптардың кез келгенінің талабы бойынша тиісті сараптама тағайындалуы тиіс. Сараптамамен осы Шартты бұзушылықтар немесе Мердігердің іс-әрекеттері мен анықталған кемшіліктер арасындағы себептік байланыстың жоқтығы анықталған жағдайларды қоспағанда, мұндай сараптаманы жүргізу жөніндегі шығыстарды Мердігер көтереді. Бұл жағдайларда сараптаманы тағайындауды сұраған Тарап оны өткізуге арналған шығыстарды өзі көтереді, ал егер сараптама Тараптардың келісімі бойынша тағайындалса, екі Тарап мұндай сараптаманың ақысын теңге бөліп төлейді.	If a dispute arises between the Customer and the Contractor regarding the defects in the Works performed by the Contractor or reasons for such, an appropriate expert examination shall be arranged at the request of any Party. The expenses on such expert examination shall be borne by the Contractor, except when the expert examination establishes no breaches of this Agreement or any causal link between the actions of the Contractor and the detected defects. In such cases, the expenses on the expert examination shall be borne by the Party requesting such expert examination, and if the expert examination is arranged by consent of the Parties, then both Parties shall equally pay for such expert examination.
10.3	Приостановление выполнения Работ по Договору.	Шарт бойынша Жұмыс орындауды тоқтата тұру.	Suspension of Work performance under the Agreement.
a)	Несмотря на все положения настоящего Договора, Заказчик имеет право в любое время приостановить выполнение Подрядчиком Работ (всего объема или части) по настоящему Договору направив Подрядчику письменное уведомление с указанием даты и срока приостановления Работ. В случае если Подрядчик, после получения уведомления от Заказчика о приостановлении выполнения Работ, не приостановит выполнение Работ, данные Работы не подлежат оплате со стороны Заказчика и относятся к рискам Подрядчика.	Осы Шарттың барлық ережелеріне қарамастан, Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстарды тоқтату күні мен мерзімі көрсетілген жазбаша хабарламаны жөнелту арқылы кез келген уақытта Мердігердің Жұмыстарды (бүкіл көлемін немесе бір бөлігін) орындауын тоқтата тұруға құқылы. Егер де Мердігер Тапсырыс берушіден Жұмыстарды тоқтату туралы хабарламаны алғаннан кейін Жұмыстардың орындалуын тоқтатпаса, онда мұндай Жұмыстар үшін Тапсырыс беруші төлем жасамайды және олар Мердігердің тәуекелдеріне жатқызылады.	In spite of all the provisions of the Agreement, the Customer has the right at any time to suspend performance of the Contractor (the total volume or part) under this Agreement by giving the Contractor written notice specifying the date and period of suspension. If the Contractor will not suspend the Works after receipt of the notice from the Customer about suspension, these Works are not subject for payment by the Customer and shall be recognized as the risks of the Contractor.
10.4	Контроль и надзор Заказчика за реализацией Договора.	Тапсырыс берушінің Шарттың орындалуын бақылауы және қадағалауы.	Control and supervision of the Contractor over execution of this Agreement.

a)	Заказчик вправе осуществлять технический надзор за выполняемыми Подрядчиком Работами по настоящему Договору в течение всего срока действия настоящего Договора.	Тапсырыс беруші осы Шарттың әрекет ету кезеңінде осы Шарт бойынша Мердігер орындайтын Жұмыстарды техникалық қадағалауға құқылы.	The Customer has the right to carry out technical supervision of the Works performed by the Contractor hereunder during the period of this Agreement.
b)	Заказчик в целях осуществления технического надзора за выполняемыми Подрядчиком Работами по настоящему Договору вправе заключать договор об оказании услуг по техническому надзору за ходом и качеством выполняемых Подрядчиком Работами с любым юридическим или физическим лицом, имеющим лицензию на данный вид деятельности, о чем Заказчик незамедлительно извещает Подрядчика.	Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша Мердігер орындайтын Жұмыстарды техникалық қадағалау мақсатында жұмыстың осы түріне лицензиясы бар кез келген заңды немесе жеке тұлғамен Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысы мен сапасын техникалық қадағалау бойынша жұмыс орындау шартын жасасуға құқылы, Тапсырыс беруші бұл жөнінде Мердігерге дереу хабарлауы тиіс.	To implement the technical supervision over the Works performed by the Contractor hereunder, the Customer shall have the right to conclude the agreement on rendering services on technical supervision over the progress and quality of the Works performed by the Contractor with any legal or physical person holding the license for this activity, and the Customer shall immediately notify the Contractor about this.
c)	Заказчик имеет право в любое время проводить аудит любой документации Подрядчика, касающейся исполнения условий настоящего Договора, а также имеет право без каких-либо ограничений привлекать любых третьих лиц за счёт Заказчика для проведения такого аудита. Подрядчик обязан предоставлять Заказчику, а также третьим лицам, привлеченным Заказчиком для проведения аудита, неограниченный доступ к аудируемой документации в течение рабочего времени.	Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарын орындауға қатысты Мердігердің кез келген құжаттамасына кез келген уақытта аудит жүргізуге құқылы, сондай-ақ мұндай аудитті жүргізуге Тапсырыс берушінің есебінен кез келген үшінші тұлғаларды ешқандай шектеусіз тартуға құқылы. Мердігер Тапсырыс берушіге, сонымен қатар аудит жүргізу үшін Тапсырыс берушімен тартылған үшінші тұлғаларға тексерілетін құжаттамаға жұмыс уақытында шектеусіз рұқсат беруге тиіс.	The Customer has the right at any time to conduct the audit of any documents of the Contractor relating to the execution of the terms of this Agreement and has the right, without any restriction, to involve any third parties at the Customer's expense for such audit. The Contractor shall provide the Customer and third parties involved by the Customer to conduct the audit with unrestricted access to the audited documents during the working time.

11 КАЧЕСТВО РАБОТ / ЖҰМЫСТАР САПАСЫ / WORK QUALITY

11.1	Подрядчик гарантирует, что качество Работ будет соответствовать требованиям действующего законодательства Республики Казахстан и требованиям Заказчика.	Мердігер Жұмыстардың сапасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Тапсырыс берушінің талаптарына сай болатындығына кепілдік береді.	The Contractor guarantees that the quality of Work will meet the requirements of the current legislation of the Republic of Kazakhstan and the requirements of the Customer.
------	---	---	--

12 ПЕРЕХОД РИСКА СЛУЧАЙНОЙ ГИБЕЛИ ИЛИ ПОВРЕЖДЕНИЯ / ЖАЗАТАЙЫМ ӨЛІМ НЕМЕСЕ ЗАҚЫМДАЛУ ҚАУПІНІҢ ТУЫНДАУЫ / TRANSFER OF RISKS ASSOCIATED WITH ACCIDENTAL DESTRUCTION OR DAMAGE

12.1	До сдачи Работ Подрядчиком Заказчику по Акту выполненных Работ по настоящему Договору, Подрядчик несет все возможные риски, включая, но, не ограничиваясь: риск случайного уничтожения и/или повреждения Работ в части или целом, риск случайного удорожания Работ, риск случайно наступившей невозможности выполнения Работ и все прочие риски.	Мердігер осы Шарт бойынша Жұмыстарды Орындалған жұмыстар актісіне сәйкес тапсырмасын бұрын, Мердігер туындауы мүмкін барлық тәуекелдерді өзіне алады, бірақ олармен шектеліп қоймайды: Жұмыстардың түгелімен немесе бір бөлігінің кездейсоқ опат болу және/немесе зақымдану тәуекелі, Жұмыстардың кездейсоқ қымбаттау тәуекелі, Жұмыстарды кездейсоқ орындай алмау тәуекелі және басқа да тәуекелдер.	Before the Contractor delivers the Works to the Customer against the Certificate for Works Performed hereunder, the Contractor shall bear all risks, including but not limited to: the risk of accidental destruction and/or damage to the Works in part or whole, the risk of accidental value appreciation of the Works, the risk of accidental impossibility to perform the Works and all other risks.
------	--	---	---

13 ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ / ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР / AMENDMENTS AND ADDITIONS

13.1	Заказчик имеет право в любое время в течение срока действия настоящего Договора время от времени требовать внесения определенных изменений в Работы, Цену Договора или сроки выполнения Работ посредством оформления Дополнительных соглашений. Такие изменения Заказчика неограничены по количеству и объемам.	Тапсырыс берушінің осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде кез келген уақытта Қосымша келісімдерді ресімдеу арқылы Жұмыстарға, Шарттың бағасына немесе Жұмыстарды орындау мерзімдеріне белгілі бір өзгертулер енгізуді мерзімді түрде талап етуге құқығы бар. Тапсырыс берушінің мұндай өзгертулері саны мен көлемі бойынша шектеусіз.	The Customer has the right at any time during the term of this Agreement, from time to time, to demand certain changes in the Works, the Agreement Price or the deadlines for the Works performance by drawing up Additional Agreements. Such changes of the Customer are unlimited in quantity and scope.
------	---	---	--

13.2	По получении извещения от Заказчика о предполагаемых изменениях в Работы Подрядчик должен определить, будут ли изменены стоимость (включая оценочную стоимость любых работ, связанных с такими изменениями) Работ или другие обязательства по настоящему Договору вследствие таких изменений, и предоставить Заказчику подробный отчет с описанием таких изменений (Отчет). Подрядчик обязан применять расценки и калькуляцию, содержащиеся в Части С, для расчета сметных расходов и экономии, а Заказчик имеет право выбрать тип калькуляции (фиксированная сумма, стоимость за единицу, оплата стоимости затрат рабочего времени и материалов), который будет использоваться в смете. Подрядчик обязан предоставить Заказчику данный Отчет в течение 10 (десяти) дней со дня получения Подрядчиком уведомления Заказчика о предполагаемом изменении, если только иной период времени письменно не согласован с Заказчиком. Заказчик имеет право принять решение об утверждении данного изменения, инициировав заключение Сторонами Дополнительного соглашения к Договору, и после его заключения Подрядчик обязан выполнять Работы в соответствии с согласованными изменениями. Все Работы, выполненные Подрядчиком в соответствии с Дополнительным соглашением, если иное не указано в нем, должны соответствовать всем положениям и условиям настоящего Договора.	Тапсырыс берушіден жұмыстардағы болжамды өзгерістер туралы хабарлама алғаннан кейін Мердігер жұмыстардың құны (осындай өзгерістерге байланысты кез келген жұмыстарды бағалау құнын қоса алғанда) немесе осындай өзгерістердің салдарынан осы Шарт бойынша басқа да міндеттемелер өзгеретінін айқындауға және Тапсырыс берушіге осындай өзгерістерді сипаттайтын егжей-тегжейлі есеп (Есеп) беруге тиіс. Мердігер сметалық шығыстар мен үнемдеуді есептеу үшін С бөлімінде қамтылған бағалар мен калькуляцияны қолдануға міндетті, ал Тапсырыс беруші сметада пайдаланылатын калькуляция түрін (белгіленген сома, бірлік құны, жұмыс уақыты мен материалдар шығындарының құнын төлеу) таңдауға құқылы. Егер басқа уақыт кезеңі Тапсырыс берушімен жазбаша келісілмесе, Мердігер болжамды өзгеріс туралы Тапсырыс берушінің хабарламасын алған күннен бастап 10 (он) күн ішінде Тапсырыс берушіге осы Есепті беруге міндетті. Тапсырыс беруші Тараптардың Шартқа қосымша келісім жасасуына бастамашылық жасай отырып, осы өзгерісті бекіту туралы шешім қабылдауға құқылы және ол жасалғаннан кейін Мердігер келісілген өзгерістерге сәйкес жұмыстарды орындауға міндетті. Мердігер Қосымша келісімге сәйкес орындаған барлық жұмыстар, егер онда өзгеше көрсетілмесе, осы Шарттың барлық ережелері мен талаптарына сәйкес келуге тиіс.	Upon receipt of a notification from the Customer on the proposed changes in the Works, the Contractor shall determine whether the cost (including the estimated cost of any work associated with such changes) of the Works or other obligations under this Agreement will be changed as a result of such changes and provide the Customer with a detailed report describing such changes (Report). The Contractor shall apply the rates and calculations from Schedule C to estimate the expenses and savings, and the Customer shall have the right to select the type of calculation (fixed amount, price per unit, payment for work hours and materials) to be used in the estimate. The Contractor shall provide to the Customer this Report within 10 (ten) days from the date of receiving by the Contractor of the Customer's notification on the proposed change, unless a different period is agreed on in writing with the Customer. The Customer has the right to make a decision on approving this change by initiating the conclusion by the Parties of an Additional Agreement to the Agreement, and after its conclusion, the Contractor shall perform the Works in accordance with the agreed changes. All Works performed by the Contractor in accordance with the Additional Agreement, unless otherwise specified in it, shall comply with all terms and conditions of this Agreement.
13.3	Подрядчик не имеет право выполнять Работы, не указанные в:	Мердігердің мына жерлерде көрсетілмеген Жұмыстарды орындауға құқығы жоқ:	The Contractor does not have a right to perform the Works not specified in:
a)	Части В настоящего Договора; или	Осы Шарттың В бөліміндегі; немесе	Schedule B of this Agreement; or
b)	Надлежащим образом оформленных Дополнительных соглашениях к Договору без письменного разрешения Заказчика. Заказчик имеет право не оплачивать дополнительные работы, выполненные Подрядчиком без соблюдения требований настоящего пункта.	Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз Шарттың тиісінше ресімделген Қосымша келісімдеріндегі. Тапсырыс беруші Мердігердің осы тармақтың талаптарын сақтамай орындаған қосымша жұмыстары үшін ақы төлемеуге құқылы.	Properly drawn up Additional Agreements to the Agreement without the written permission of the Customer. The Customer has the right not to pay for additional works performed by the Contractor without compliance with the requirements of this clause.
13.4	Невзирая на какие-либо положения настоящего Договора об обратном, никакие дополнения и изменения не будут вноситься в Договор, если Подрядчик заявит о них после осуществления окончательного платежа по настоящему Договору.	Осы Шарттың қандай да бір ережелеріне қарамастан, егер Мердігер осы Шарт бойынша түпкілікті төлем жүзеге асырылғаннан кейін олар туралы мәлімдесе, Шартқа ешқандай толықтырулар мен өзгертулер енгізілмейді.	Notwithstanding any provisions of this Agreement to the contrary, no additions or amendments will be made to the Agreement, if the Contractor declares them after the final payment under this Agreement.

14 ГАРАНТИЙНЫЙ СРОК / КЕПІЛДІК МЕРЗІМІ / WARRANTY PERIOD

14.1	Гарантийный Срок на все выполненные Работы в соответствии с настоящим Договором составляет срок, указанный в Деталях Договора, следующий за оформлением Акта выполненных Работ (форма Р-1) или документов, указанных в пункте 4.1(27) настоящего Договора (если Подрядчик выполняет строительно-монтажные работы), при этом, если по настоящей гарантии выполнены работы по устранению дефектов, ремонту или замене, то на такие работы Гарантийный Срок будет продлен на такой же Гарантийный Срок с момента завершения таких работ по устранению дефектов, ремонту или замене.	Осы Шартқа сәйкес барлық Орындалған жұмыстардың кепілдік мерзімі Орындалған жұмыстар актісін (Р-1 үлгісі) немесе осы Шарттың 4.1(27)-тармағында көрсетілген құжаттарды ресімдеуден кейінгі (егер Мердігер құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындаса) Шарттың деректерінде көрсетілген мерзімді құрайды, бұл ретте егер осы кепілдік бойынша ақауларды жою, жөндеу және ауыстыру жұмыстары орындалса, онда мұндай жұмыстардың Кепілдік мерзімі ақауларды жою, жөндеу немесе ауыстыру жөніндегі жұмыстарды аяқтаған сәттен бастап тура осындай Кепілдік мерзіміне ұзартылады.	The Warranty Period for all performed Works in accordance with this Agreement is the period specified in the Agreement Details, following the issue of the Works Completion Certificate (Form R-1) or the documents specified in clause 4.1(27) of this Agreement (if the Contractor performs construction and installation works), at that, if works on elimination of defects, repair or replacement are performed under this Warranty, then the Warranty Period for such works shall be extended by the same Warranty Period from the date of completion of such works on elimination of defects, repair or replacement.
------	--	---	---

14.2	Если какая-либо часть Работ либо в период их выполнения, либо в течение Гарантийного Срока, не будут соответствовать критериям или техническим условиям, указанным в настоящем Договоре, Заказчик обязан направить Подрядчику Уведомление о Дефектных Работах, и Заказчик, имеет право, по своему выбору, в дополнение к любым другим правам и средствам правовой защиты, предоставленных ему Законом:	Егер Жұмыстардың қандай да бір бөлігі не оларды орындау кезеңінде, не Кепілдік мерзімі ішінде осы Шартта көрсетілген критерийлерге немесе техникалық шарттарға сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші Мердігерге Ақаулы жұмыстар туралы Хабарлама жіберуге міндетті, ал Тапсырыс беруші өз таңдауы бойынша өзіне Заңмен берілген кез келген басқа құқықтары мен құқықтық қорғау құралдарына толықтыру ретінде мыналарға құқылы:	If any part of the Works, either during their performance or during the Warranty Period, does not meet the criteria or technical requirements specified in this Agreement, the Customer shall send the Contractor a Notification on the Defective Works, and the Customer has the right, at its own discretion, in addition to any other rights and remedies granted to it by the Law:
a)	Потребовать, чтобы Подрядчик устранил Дефектные Работы за свой счет в срок, указанный в Уведомлении Заказчика,	Мердігерден Тапсырыс берушінің Хабарламасында көрсетілген мерзімде Ақаулы жұмыстарды жоюын талап етуге,	Demand the Contractor to eliminate the Defective Works at its own expense within the period specified in the Customer's Notification,
b)	Привлечь третью сторону для устранения Дефектных Работ и взыскать с Подрядчика понесенные расходы, или	Ақаулы жұмыстарды жою үшін үшінші тарапты тартуға және Мердігерден келтірілген шығыстарды өндіріп алуға, немесе	Engage a third party to eliminate the Defective Works and recover from the Contractor the incurred expenses, or
c)	Устранить Дефектные Работы силами персонала Заказчика и взыскать с Подрядчика понесенные расходы.	Ақаулы жұмыстарды Тапсырыс берушінің қызметкерлерінің күшімен жоюға және келтірілген шығыстарды Мердігерден өндіріп алуға.	Use the Customer's personnel to eliminate the Defective Works and recover from the Contractor the incurred expenses.
14.3	Если Заказчик решит применить пункты 14.2 b) и 14.2 c) Договора, то Подрядчик, в течение 10 (десяти) календарных дней с момента получения требования и счета от Заказчика, обязан возместить Заказчику все документально подтвержденные расходы, понесенные Заказчиком в связи с устранением Дефектных Работ.	Егер Тапсырыс беруші 14.2 b) және 14.2 c)-тармақтарды қолдануды шешсе, Мердігер Тапсырыс берушіден талап пен шотты алған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Тапсырыс берушіге ақаулы жұмыстарды жоюға байланысты Тапсырыс беруші шеккен барлық құжатталған шығындарды өтеуге міндетті.	If the Customer decides to apply clauses 14.2 b) and 14.2 c) of the Agreement, the Contractor, within 10 (ten) calendar days from the date of receiving the request and invoice from the Customer, shall reimburse the Customer all documented expenses incurred by the Customer in connection with the elimination of the Defective Works.

15 СРОК ДЕЙСТВИЯ ДОГОВОРА / ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ / AGREEMENT DURATION

15.1	Настоящий Договор вступает в силу с даты, указанной в Деталях Договора, и действует до даты, указанной в Деталях Договора, а в части принятых на себя обязательств, до тех пор, пока между Сторонами не будут:	Осы Шарт Шарттың деректерінде көрсетілген күннен бастап күшіне енеді және Шарттың деректерінде көрсетілген күнге дейін жарамды, ал өз мойнына алған міндеттемелерге қатысты Тараптар арасында:	This Agreement shall come into effect from the date indicated in the Agreement Details and shall be valid until the date specified in the Agreement Details, and in respect of the undertaken obligations, until between the Parties:
a)	выполнены окончательные расчеты по всем платежам; и	барлық төлемдер бойынша түпкілікті есеп айырысу жүргізілгенге дейін; және	finally settled all payments; and
b)	выполнены Работы; и/или	жұмыстар орындалғанға дейін; және/немесе	the Works are completed; and/or
c)	использованы любые средства защиты, предусмотренные в настоящем Договоре, и выполнены все обязательства по настоящему Договору.	осы Шартта қарастырылған кез келген қорғаныс құралдары қолданылғанға дейін және осы Шарт бойынша барлық міндеттеме орындалғанға дейін.	any remedies provided for in this Agreement have been used, and all obligations under this Agreement have been fulfilled.

16 ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН / ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ / RESPONSIBILITIES OF THE PARTIES

16.1	За невыполнение Работ в срок, предусмотренный настоящим Договором, Заказчик вправе начислить Подрядчику неустойку в размере 0,5 (ноль целых пять десятых) % от Цены суммы Договора за каждый календарный день просрочки, но не более 20 (двадцати) % от цены Договора, а Подрядчик обязан выплатить размер начисленной неустойки Заказчику.	Осы Шартпен көзделген Жұмыстарды мерзімінде орындамағаны үшін Тапсырыс беруші Мердігерге әр кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,5 (нөл бүтін оннан бес) % мөлшерінде, бірақ Шарттың сомасының бағасынан 20 (жиырма) % артық емес мөлшерде тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы, ал Мердігер есептелген тұрақсыздық айыбын Тапсырыс берушіге төлеуге міндетті.	The Customer may charge a penalty to the Contractor in the amount of 0.5 (zero point five) % of the total value of the Agreement for each day of the delay, but not more than 20 (twenty) % of the total Agreement Price for the failure to perform the Works by the deadline specified by this Agreement, and the Contractor shall pay the amount of the charged penalty to the Customer.
16.2	За задержку срока устранения Подрядчиком Дефектов в выполняемых Работах, предусмотренного соответствующим актом, Подрядчик, по требованию Заказчика, выплачивает Заказчику неустойку в размере и на условиях, указанных в пункте 16.1 настоящего Договора.	Тиісті актімен қарастырылған, Мердігердің орындалатын Жұмыстардағы Ақауларды жою мерзімін кешіктіргені үшін Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушіге осы Шарттың 16.1-тармағында көрсетілген мөлшерде және талаптарда тұрақсыздық айыбын төлейді.	For delay of deadline for elimination by the Contractor of Defects in the performed Works stipulated by the relevant act, the Contractor at the Customer's request shall pay to the Customer a penalty in the amount and on the terms specified in clause 16.1 of this Agreement.

